

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

ҚР ДСМ «Қараганды медицина университеті» КеАҚ қарасты «8D10139 (6D110200) - Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес.

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер:

2023 жылы диссертациялық кеңестің 2 (екі) отырысы өткізілді.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Отырыстардың жартысынан кеміне қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	ТӘЖ	Диссертацияның тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	Оқу орны
1	Алексеев Алексей Владимирович	Социально-экономическая эффективность управления профессиональным риском на хризотиловом производстве	1. Ибраев Серик Айтмакович - медицинағылымдарының докторы, профессор, «Қараганды медицина университеті» КеАҚ енбегі сінген профессоры, Қарагандық, Қазақстан Республикасы 2. Отаров Ертай Жалгаспаевич – медицинағылымдарының докторы, "Қараганды медицина университеті" КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіптік денсаулық институтының санитарлық-гигиеналық ғылыми-зерттеу зертханасының бас ғылыми қызметкері, Қарагандық, Қазақстан Республикасы 3. Ковалевский Евгений Вильевич – медицинағылымдарының докторы, профессор РГА, "Академик Н.Ф. Измеров атындағы Еңбек медицинасы ғылыми-зерттеу институты" ФМБГУ еңбек	КР ДСМ «Қараганды медицина университеті» КеАҚ

			медицинасындағы гигиеналық мәселелерді зерттеу болімінің менгерушісі, Мәскеу, Ресей Федерациясы	
2	Болатова Жанерке Ерлановна	Assessing access to water, sanitation and hygiene in schools	<p>1. Калишев Марат Гузаирович – медицинағылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Қарағанды Медицина Университеті» КеАҚ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.</p> <p>2. Койков Виталий Викторович – медицинағылымдарының докторы, профессор, «Астана Медицина университеті» КеАҚ ғылым жөніндегі проректоры.</p> <p>3. Hans Ottu – PhD, профессор, отбасы медицинасы және денсаулық сақтау институты, Тарту Университеті, Тарту қ., Эстония</p>	КР ДСМ «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ

4. Мынадай болімдері белгіленіп корсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

1. Алексеев Алексей Владимировичтің "Хризотил өндірісіндегі кәсіби қауіпті басқарудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі" тақырыбындағы диссертациялық жұмысы кәсіби қауіпті басқарудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау және хризотил өндірісінде қауіпті басқару жүйесін жетілдірудің тәжірибелік ұсныныстарын әзірлеуге бағытталған. Өндірістік ортаның жай-күйін жақсартуды өндірісті техникалық жаңғырту, өндірістік процестерді қарқыннату және еңбекті қоргауды басқару жүйесін жетілдіру жолымен жүзеге асыруға болады. Көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындар өз жұмысшыларының еңбек жағдайларын үнемі жақсартып отыруға ұмтылады, дегенмен, өнеркәсіптік кәсіпорындарда жаңа технологияларды енгізгеннен кейін де, жұмысшылардың басым болігінің еңбегі зиянды және қауіпті еңбек жағдайларымен байланысты. Қазіргі уақытта еңбекті қоргауды басқару жүйесін жаңғыртудың негізгі міндеті, оқиғадан соғыс сақтандыру жағдайларына дең қойып, жұмысшы денсаулығына зиян келтіру қауіпін бағалауға және басқаруға көшу болып табылады. Кәсіби қауіп - бұл жұмысшылардың оміріне немесе денсаулығына, оның еңбек қызметіне байланысты қауіп деген қағидаға сүйене отырып, профилактикалық шарапалар кешені, ең алдымен, денсаулыққа қауіп төндірмеу және алдын-алу принциптеріне негізделуі керек. Қазіргі жағдайда КР-ның көптеген өндірістік кәсіпорындарында кәсіби қауіпті басқару және

мониторингілеу жүйелері енгізілуде, тиесінше, осы жүйелердің критерийлерін іздеу және әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын бағалау олардың жұмыс істеу тиімділігін жетілдіру мен арттыруда және сол арқылы жұмыс істейтін халықтың денсаулық қауіптерін томендегуде маңызды рөл атқарады.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңың 18-бабының З-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Алексеев Алексей Владимировичтің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы (КР ПП 24.11.2022 ж. №945), КР №360 - VI КРЗ 07.07.2020 ж. Кодексі, КР Еңбек министрлігінің № 363 11.09.2020 ж бұйрығы аясында орындалған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша 20 ғылыми еңбек жарық көрді:

- Clarivate Analytics және Scopus ақпараттық дереккорына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда З жарияланым, оның ішінде Scopus (Скопус) дереккорында 75 (жетпіс бес, Q1) процентилі бар 1 мақала;
- КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған Қазақстанның ғылыми басылымдарында 1 жарияланым;
- Ресей Федерациясының ЖАҚ ұсынған Ресейдің ғылыми басылымдарында З жарияланым;
- авторлық құқық бойынша құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 2 күзілік.

2. Болатова Жанерке Ерлановнаның «Assessing access to water, sanitation and hygiene in schools» диссертациялық жұмысы мектептердегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін су, санитария және гигиенаға қол жетімділікті бағалауға бағытталған.

Халықты қол жетімді және қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз ету, санитарлық қызмет көрсету, сондай-ақ, гигиеналық нормаларды сақтау (water, sanitation and hygiene (WASH), ССГ) адамның әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын анықтауда маңызды рөл атқарады. Суга, санитарияға және гигиенага сенімді қол жетімділіктің жоқтығы қоғамдық денсаулық сақтаудың басты проблемасы болып қала береді. Сумен жабдықтау және санитарлық инфрақұрылымды жақсарту, түрлі ауруларды, сонымен қатар су арқылы берілетін ауруларды азайтуға ықпал етеді. Тіпті COVID-19 пандемиясы, колды үнемі жуу қарапайым гигиеналық шарасының маңыздылығын атап өтті.

Әлемдік қоғамдастық өз алдына тұрақты дамудың өлшенетін мақсаттарын (ТДМ) қойды, олардың ен маңыздыларының бірі халықтың денсаулығы мен әл-ауқатының жалпы деңгейін, соның ішінде WASH-пен байланысты аурушаңдықты азайтуға бағытталған З-мақсат болып табылады. ТДМ 4 оку орындарын ауыз су мен санитарияға қол жеткізуі қоса алғанда, қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуді қоса алғанда, сапалы білімге қол жеткізуі қамтамасыз етуге шақырады. ТДМ 6 тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін су ресурстары мен санитарияны басқарудың маңыздылығын көрсетеді.

Осы мақсаттардың сакталуын бағалау және бақылау үшін, Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі (ДДҮ) және БҮҮ Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҮҮ ЕЭК) әртүрлі елдердегі сумен жабдықтау, санитария және гигиена туралы деректерді жинай отырып, "бірлескен мониторинг бағдарламасы" (БМБ) бағдарламасын жасады.

ТДМ және оның міндеттеріне сәйкес, білім беру үйімдарында сумен жабдықтау және канализация қызметтеріне қол жеткізу, әрбір баланың ажырамас құқығы және денсаулығын қамтамасыз ету шарты болып табылады. Біздің республикада осы қызметтерді тиімді басқару үшін нақты шаралар мен олардың көлемін анықтау үшін мектеп мекемелеріндегі ағымдағы жағдай туралы мәліметтер қажет. Қазіргі уақытта бұл деректер жок және бұрын

жүргізілген мұндағы зерттеулердің нәтижелері енді өзекті емес. Бұл балалардың құқықтарын қорғау мен олардың білім алуына кедегі болып отыр. Оқушылардың білім беру орындарында өткізетін уакытының ұзактығын ескере отырып, бұл факторлар олардың денсаулығына теріс етуі мүмкін. Сонымен қатар, мектеп оқушылардың гигиеналық білімдері мен дағдыларын қалыптастыруды маңызды рөл атқарады, бұл- оларды қогамдық денсаулық сактау саласындағы негізгі мекемелердің біріне айналдырады.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18 – бабының З-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Болатова Жанерке Ерлановнаның диссертациялық жұмысы Мектептегі су, санитария және гигиенага қол жетімділікті бағалауға арналған диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен «Өмір туралы ғылым» саласындағы ғылыми дамудың басым бағыты аясында орындалған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 7 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде:

- Scopus (77%, 1-квартиль), Web of Science (Clarivate Analytics, IF=4,61) базаларымен индекстелетін журналында 2 мақала;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ұсынған басылымдарда 1 мақала;
- Web of Science индекстеген шетелдік конференция жинағындағы 1 тезис (Clarivate Analytics, IF=4,4);
- Қазақстан Республикасының Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы З куәлік, зерттеу нәтижелерін білім беру ұйымдарының жұмысына енгізуіндің З актісі алынды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

«ҚМУ» КеАҚ диссертациялық кеңесінің отырыстарында коргалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер каралып, бекітілді. Рецензенттер болып оку және ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдары, тиісті мамандықтар бойынша ғылыми дәрежелері мен атақтары мен жарияланымдары тағайындалды.

Рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске таңдалған тақырыптың өзектілігін, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, тұжырымдар мен ұсынымдардың негізділік дәрежесін, олардың жаңалығын, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытындыны бағалайтын жазбаша пікірлер ұсынды.

Докторанттардың ресми рецензенттерінің барлық пікірлері белгіленген мерзімде ұсынылды.

Диссертациялық «ҚМУ» Кеңес рецензенттердің жоғары кәсіби деңгейін және барлық рецензенттердің ғылыми принципті көрсете отырып, дәлелді қорытынды бере алатын мамандық бойынша терең білімі мен жетістіктері бар екенін айтады.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

КР ДСМ «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ жаңындағы диссертациялық Кеңес диссертациялық кеңестердің өкілеттіктерін кеңейту жөніндегі ұсынысты қолдайды, өйткені бул Болон леклапаниясының ережелепеін кабылданған Қараншылар

ғылымның даму логикасына сәйкес келеді. Диссертациялық кеңестердің өкілеттіктерін кеңейту бір жағынан олардың жауапкершілігін арттырады, екінші жағынан бәсекелестік ортаны кеңейтуге мүмкіндік береді және тұтастай алғанда жоғары оқу орындарының имиджіне әсер етеді.

Өтпелі кезенде КР Ғылым және жоғары білім Білім және ғылым саласында сапаны камтамасыз ету комитетінің диссертациялық кеңестерді лицензиялау қызметін және диссертациялық жұмыстардың талаптарға сәйкестігіне техникалық сараптаманы сақтау ұсынылады.

Диссертациялық жұмыстардың мазмұны бойынша сараптама диссертациялық кеңестерге қалдырылған жөн.

«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының ерекшелігін ескере отырып, диссертациялық кеңестерге оларды қорғау кезінде диссертациялық жұмыстарды сараптау сапасын арттыру үшін диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде (нақты отырыска) бейіні бойынша жетекші ғалымдарды қосуға рұқсат беруді ұсынамыз.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- 1) қорғауга қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 2;
- 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0;
- 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0;
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0;
- 5) пысықтауга жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0;
- 6) қайта қорғауга жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 0.

Диссертациялық кеңестің төрагасы, М. Е. К. К. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАУ
қауымдастырылған профессор Б. К. Омаркулов

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, PhD
2024 жылғы 8 науқтар

